

**"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 18-03/271а бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 15 наурыздағы № 67 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 17 наурызда № 22347 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМАЫН:**

1. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 18-03/271а бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11005 болып тіркелген, 2015 жылғы 20 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін алып қою нормативтері осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрінің м.а.*

*Е. Нысанбаев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрдің м.а.  
2021 жылғы 15 наурыздағы  
№ 67 Бұйрығына қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2015 жылғы 30 наурыздағы  
№ 18-03/271а бұйрығына  
3-қосымша

**Аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін алып қою нормативтері**

№	Аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлері	Алып қою нормативтері (%)
1	2	3
1	Бұлан ( <i>Alces alces</i> )	10
2	Марал, аскания бұғысы ( <i>Cervus elaphus</i> )	10
3	Сібір елігі ( <i>Capreolus pygargus</i> )	15
4	Сібір тау ешкісі ( <i>Capra sibirica</i> )	10
5	Қабан ( <i>Sus scrofa</i> )	40
6	Құдыр ( <i>Moschus moschiferus</i> )	10
7	Қоңыр аю ( <i>Ursus arctos</i> ), Тянь-Шань аюынан басқасы	6
8	Ор қоян ( <i>Lepus europaeus</i> ), ақ қоян ( <i>Lepus timidus</i> ), құм қоян ( <i>Lepus tolai</i> )	45
9	Байбақ немесе дала суыры ( <i>Marmota bobac</i> ), сұр немесе Алтай-Тянь-Шань суыры ( <i>Marmota baibacina</i> ), ұзын құйрықты немесе қызыл суыр ( <i>Marmota caudata</i> )	20
10	Зорман ( <i>Spermophilus fulvus</i> )	25
11	Кәдімгі тиін ( <i>Sciurus vulgaris</i> )	50
12	Ондатра ( <i>Ondatra zibethicus</i> )	50
13	Өзен құндызы ( <i>Castor fiber</i> )	20
14	Жанат тектес ит ( <i>Nyctereutes procyonoides</i> )	50
15	Түлкі ( <i>Vulpes vulpes</i> )	50
16	Қарсақ ( <i>Vulpes corsac</i> )	30
17	Борсық ( <i>Meles meles</i> )	20
18	Құну ( <i>Gulo gulo</i> )	10
19	Кәмшат ( <i>Lutra lutra</i> ), ортаазиялықтан басқасы	10
20	Бұлғын ( <i>Martes zibellina</i> )	20
21	Сасық күзен ( <i>Mustela eversmanni</i> )	25
22	Ақкіс ( <i>Mustela erminea</i> )	25
23	Сарғыш күзен ( <i>Mustela altaica</i> )	25

24	Ақ қалақ ( <i>Mustela nivalis</i> )	25
25	Сары күзен ( <i>Mustela sibirica</i> )	25
26	Американ су күзені ( <i>Mustela vison</i> )	25
27	Сілеусін ( <i>Lynx lynx</i> ), түркістандықтан басқасы	20
28	Сұрқаз ( <i>Anser anser</i> ), ақмаңдайлы қаз ( <i>Anser albifrons</i> ), қырманқаз ( <i>Anser fabalis</i> ), қарашақаз ( <i>Branta bernicla</i> )	15
29	Дыркептер ( <i>Columba palumbus</i> ), түзкептер ( <i>Columba oenas</i> ), көк кептер ( <i>Columba livia</i> ), құз кептер ( <i>Columba rupestris</i> ), кәдімгі түркептер ( <i>Streptopelia turtur</i> ), үлкен түркептер ( <i>Streptopelia orientalis</i> )	20,0
30	Отүйрек ( <i>Tadorna ferruginea</i> ), сарыалақаз ( <i>Tadorna tadorna</i> ), барылдауық үйрек ( <i>Anas platyrhynchos</i> ), ысылдақ шүрегей ( <i>Anas crecca</i> ), боз үйрек ( <i>Anas strepera</i> ), сарыайдар үйрек ( <i>Anas penelope</i> ), қылқұйрық ( <i>Anas acuta</i> ), даурықпа шүрегей ( <i>Anas querquedula</i> ), жалпақ тұмсық ( <i>Anas cluata</i> ), қызылбас сүңгуір ( <i>Netta rufina</i> ), көк сүңгуір ( <i>Aythya ferina</i> ), айдарлы сүңгуір ( <i>Aythya fuligula</i> ), айдарсыз сүңгуір ( <i>Aythya marila</i> ), ұшқыр үйрек ( <i>Clangula hyemalis</i> ), сусылдақ ( <i>Bucephala clangula</i> ), кара тұрпан ( <i>Melanitta nigra</i> ), кіші бейнарық ( <i>Mergus albellus</i> ), секпілтес бейнарық ( <i>Mergus serrator</i> ), үлкен бейнарық ( <i>Mergus merganser</i> ), қырылдақ шүрегей ( <i>Anas formosa</i> ), айдарлы үйрек ( <i>Somateria spectabilis</i> )	15 (жалпы лимиттің 5%-ынан аспайтын мөлшердегі аталық үйректі көктемгі аулауды қоса алғанда)
31	Барылдауық үйрек ( <i>Anas platyrhynchos</i> ), ысылдақ шүрегей ( <i>Anas crecca</i> ), қылқұйрық ( <i>Anas acuta</i> ), даурықпа шүрегей ( <i>Anas querquedula</i> ), жалпақ тұмсық ( <i>Anas cluata</i> ), қызылбас сүңгуір ( <i>Netta rufina</i> ), көк сүңгуір ( <i>Aythya ferina</i> ), айдарлы сүңгуір ( <i>Aythya fuligula</i> )	Аталық үйректерді көктемгі аулауға жергілікті аталық үйректердің (ұя салуға қалатын) жалпы санының 50%-ынан аспайды
32	Маймақ қаз - қызыл жемсаулы ( <i>Gravia stellata</i> ), қара жемсаулы ( <i>Gravia arctica</i> )	3,5
33	Қасқалдақ ( <i>Fulica atra</i> )	11,5
34	Қызғыш ( <i>Vanellus vanellus</i> ), күжіркей ( <i>Phylomachus pugnax</i> ), шаушалшық ( <i>Lymnocryptes minimus</i> ), тауқұдірет ( <i>Gallinago gallinago</i> ), орман маңқысы ( <i>Gallinago megala</i> ), азиялық тауқұдіреті ( <i>Gallinago stenura</i> ), тау маңқысы ( <i>Gallinago solitaria</i> ), маңқы ( <i>Gallinago media</i> ), жылқышы ( <i>Scolopax rusticola</i> ), үлкен шалшықшы ( <i>Numenius arquata</i> ), орташа шалшықшы ( <i>Numenius phaeopus</i> ), үлкен шырғалақ ( <i>Limosa limosa</i> ), кіші шырғалақ ( <i>Limosa lapponica</i> )	3,5
35	Ақ шіл - ( <i>Lagopus lagopus</i> ), тундралық ( <i>Lagopus mutus</i> ), сұр ( <i>Perdix perdix</i> ), сақалды ( <i>Perdix dauurica</i> ), дала ( <i>Ammoperdix griseogularis</i> )	20,0
36	Құр ( <i>Lyrurus tetrix</i> )	15,0
37	Саңырау құр ( <i>Tetrax urogallus</i> )	5,0
38	Сұр құр ( <i>Tetrastes bonasia</i> )	12,0
39	Гималай ұлары ( <i>Tetraogallus himalayensis</i> )	15,0
40	Кекілік ( <i>Alectoris chukar</i> )	25,0
41	Бөдене ( <i>Coturnix coturnix</i> )	15,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК